

Ónege



НЕКЕ –

*шеберлікті
талап ететін іс!*

Өмірлік жарды –
күйеу таңдаймыз!



УДК 159.9
ББК 88.4
Б 18

«Отбасы Академиясы» отбасына кешенді қолдау көрсету орталығы
қоғамдық қорымен ұсынылған.

Жоба ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы» КЕАҚ мемлекеттік гранты аясында жүзеге асты.

Рецензия жазған: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,
психология ғылымдарының ғылымдарының кандидаты, доцент М.П. Кабакова.

Б18 Байболова М.Д. Неке – шеберлікті талап ететін іс! Өмірлік жарды – күйеу таңдаймыз! / Суретші
Адильбекова К. – Алматы, 2019. – 32 бет.

ISBN 978-9965-23-519-1

Кітапшада автор жар таңдау мәселесі туралы ой жүгіртуді ұсынады. Оқырмандарға отбасылық одақ құруға, кең тараған қателіктерді жібермеуге және өз махаббатын мәңгі сақтап өтуге көмектесетін кеңестері мен ұсыныстарын береді.

Басылым өзінің жарын тауып, берік отбасын құрғысы келетін жас қыздарға, сондай-ақ жалпы неке және отбасы мәселесі қызықтыратын көпшілікке арналған.

Оқулық «Отбасы Академиясы» отбасына кешенді қолдау көрсету орталығы» ҚҚ-ның «ОНЕГЕ» жобасы аясында отбасылық қарым-қатынас мәселесі бойынша өзекті әрі заманауи ақпарат беру мақсатында дайындалды.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ мемлекеттік грантының қолдауымен басылып отыр.

«Отбасы Академиясы» отбасына кешенді қолдау көрсету орталығы» ҚҚ басылымның мазмұнына жауап береді, ол «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ-ның ұстанымын білдіреді деген сөз емес. Осы жинақта берілген авторлардың көзқарасы «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ-ның көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

ISBN 978-9965-23-519-1

УДК 159.9
ББК 88.4

© «Отбасы Академиясы» ҚҚ, 2019
© Байболова М.Д., 2019
© Адильбекова К., суреттер, 2019

Редакторы Спиридонова Н.В.
Суретшісі Адильбекова К.
Дизайн жасаған және беттеген Шипилова Т.А.

Баспаға жіберілген күні 06.09.19. Форматы 60x81 1/16.
Жылтыр қағаз. Офсеттік баспа. Шартты баспа табақ 2. Тираж 80 000 дана. Тапсырыс №2085-1/1.
«Print House Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы қ., Сәтбаев көш., 30а/3, 124-кеңсе.
Тел.: 7(727)399 94 59, 399 94 60, 399 94 61, 399 94 62

НЕКЕ – ШЕБЕРЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕТІН ІС!

Өмірлік жарды – күйеу таңдаймыз!

Мазмұны

АЛҒЫСӨЗ 2

4 **ӨЗІҢНЕН БАСТА**
Өзімшілдіктен құтылыңыз
Өзіңізді бақытты сезініңіз
Лайық болыңыз
Әйелге тән қасиет туралы
ұмытпаңыз

ДҰРЫС ТАҢДАҢЫЗ 12

20 **ОНЫҢ ЖҮРЕГІНІҢ
ПАТШАЙЫМЫ**

ӘЙЕЛ ЖӘНЕ ЖҰМЫС 24

26 **ҮЙДІ БАСҚАРУ**

АЛҒЫСӨЗ



Ónege



Неке, өмірдегі кез келген маңызды нәрсе сияқты, біраз дайындықты қажет етеді.

Біз мамандық алу үшін жоғары оқу орындарында оқимыз, біліктілікті арттыру үшін курстарға барамыз, тәжірибе алу үшін жұмыс істейміз. Тек осыдан кейін ғана кәсіпқой маман деп аталып, мәнсабымызды қалыптастыра немесе өз бизнесімізді аша аламыз. Оған қоса, өміріміздің неке және отбасын құру тәрізді маңызды бөлігі дайындықтан басталуы тиіс. Отбасын кенеттен, қызу ғашықтық эмоциялармен немесе жасың келді деген қоғамдық пікірдің қысымымен құрудың қажеті жоқ.

Біз өмірлік серігінді таңдау мәселесіндегі дайындықтың, барлық өзге салаларға қарағанда, маңыздырақ екендігіне сенімдіміз. Өйткені неке – бұл әрбір күннен ләззат ала отырып, бірге өтуді қажет ететін бүкіл өмір бойына созылатын процесс. Ал жұбайыңыз – сіз өміріңіздің ең үлкен бөлігін бірге өткізетін адам. Міне, сондықтан біз сізге лайықты серік табу үшін кеңінен таралған қателіктерге жол бермеуге және өзіңіздің махаббатыңызды бүкіл өмір бойына алып өтуге көмектесетін кеңестермен және ұсыныстармен бөліскіміз келеді.



ӨЗІҢНЕН Баста



Егер некеге тұрғыңыз келсе, ең алдымен "бұл некеге өзіммен бірге не алып келемін?" деп ойлану керек

Сіз жұмысқа тұрған жағдайда, сіз көптеген өзге үміткерлердің арасынан таңдау үшін бағалы қызметкер болу қажет екендігін білетін боларсыз. Сіз отбасын құрғыңыз келгенде де сол принцип жұмыс істейді. Бұл жерде көптеген қыздар әдемі, өзіне жақсы күтім жасау керектігін және тамақ пісіруге дайын болу керектігін ойлайды. Әрине, бұл ұғымдар өте маңызды. Бірақ ең бастысы – ішкі жан-дүние, яғни сіз қандай адамсыз. Мейірімдісіз бе? Қамқоршысыз ба? Данасыз ба? Ұрысқақсыз ба? Өзімшілсіз бе? Ұшқалақсыз ба? Сыртқы сұлулық жылдар бойы түбегейлі өзгеріп кетеді, ал ішкі жан-дүниеңіз әрқашан сізбен бірге болады.

Өзіңіздің серіктесіңізбен кездесудің алдында не істеу қажет?



ӨЗІМШІЛДІКТЕН ҚУТЫЛЫҢЫЗ

Қазіргі заманғы некелердің басты мәселесі – адамдар өздерін құрметтеуге және түсінуге деген талаптардың орындалуын мәжбүрлей отырып, басқалардың құқықтарын құрметтеуді ұмытып кеткендігінде. Бүгінгі күні неке құрушылардың көпшілігі жаһандану, индустрияландыру және цифрлық технологиялардың қолжетімділігі дәуірінде жаңа мыңжылдықтың 10 жылында алғаш рет өсіп келе жатқан мыңжылдық ұрпақтар қатарына жатады. Әлеуметтанушылар оларды балалық шағынан технологиямен қоршалған, сыртқы әлеммен 24/7 қарым-қатынас жасауға үйренген деп сипаттайды. Сонымен қатар мыңжылдықтар жиі селфи жасап, әлеуметтік желілер арқылы өздерінің қоршаған ортасы туралы мәліметтермен бөлісуге құмар және олардың көпшілігі атақты болуды армандайды. Олар бар мүмкіндіктен тек қана жақсысын алуға лайықтымын деп ойлайды, өйткені сізді өзінің бар болуымен қуантуда деген ойға сенімді. Мыңжылдықтардың, алдыңғы ұрпақтарға қарағанда, екінші тарапты түсінуге, ынтасын қолдауға, жол беруге үйренуі қиын. Әсіресе, олар шыдағысы келмейтін нәрсеге төтеп бергісі келмейді. Әрине, бұл олардың кінәсі емес, өйткені оларды ата-аналар ұрпағы тәрбиелеп өсірді, оларға психологтар балалардың осал екендігі туралы, олардың өзін-өзі бағалауын, жанына қаяу түсірмей тәрбиелеу керектігі сияқты шындықты ашты. Ата-аналар бұл ұлдар мен қыздарды ерекше, олардың мүмкіндіктері шексіз, өмірде жолдары әрдайым ашық болып тұрады деген оймен тәрбиеледі.

*Жылулықты
және ізгі ниетті
шашып тұратын
әйел - бұл құнды
қазына.*

Шексіз махаббат пен атмосферада өскен бойжеткен өзінің ең жақсы, әдемі және дұрыс екеніне сенімді бола отырып, күйеуге шыққанда, ол күтпеген жерден өзінің барлық істерін дұрыс деп санайтын тура сондай адаммен кездеседі. Оның үшінші көзқарасы бар ата-аналары бар! Ал осындай не өзінікі дұрыс, не ешқандай амал дұрыс емес деп ойлауға әдеттенген қыз, күйеуімен немесе туыстарымен алғашқы кикілжің туған бойда бірден қарым-қатынасты үзеді. Шыдамдылық пен түсіністік сияқты дағдылардың жетіспеушілігі үйленудің алғашқы 2 жылындағы ажырасудың негізгі себебі болып табылады. Ата-анасы бәрін берген, бірақ олар әрдайым басты назарда болмайтынын түсіндіруді ұмытып кеткен, беделді университеттердің жас түлектерінің арасындағы некенің бұзылу статистикасы көңілді көншітпейді.

Бұдан қалай құтылуға болады?

Басқа адамдарды тыңдауды үйреніңіз. Түсіне бастаңыз. «Басқа адамдардың орнына өзіңізді қойып үйреніңіз», яғни оны дәл осылай жасауға итермелеген себепті түсінуге тырысыңыз. Мүмкін, адам жай ғана шаршаған шығар, біреу оны сізге дейін ренжіткен болар, жұмысында проблемалар бар немесе сізге байланысы жоқ миллиондаған себептер бар шығар. Ұсақ-түйек нәрселерге ренжімеңіз. Оның орнына күн болуға тырысыңыз, оның жанында кез келген проблемалар күн түскен қардай ериді. Жұмсақ жүрек, мейірімді сөз, іштен шыққан жарық – бұл көптеген жылдар бойына қарым-қатынасты сақтап келеді.

ӨЗІҢІЗДІ БАҚЫТТЫ *сезініңіз*

Некені панацея деп санамаңыз және күйеуіңіз сізді бақытты қылады деген жаңсақ ойда болмаңыз. Алдымен, қоршаған ортаңыздағы ер азаматтың болуына қарамастан, өзіңіз толыққанды болуыңыз керек, яғни өз өміріңізге көңіліңіз толу керек. Осыдан кейін ғана сіз көкжиекте жарқ еткен әр жігіттен «бақытты» күтпей, өзіңіздің жұбайыңызды кездестіресіз.

Үйленбеген қыздарға өмір сүрудің басты мақсаты күйеуге шығу болмауы керек. «Жедел үйлену» шешімін қабылдап, кез келген адамға күйеудің костюмін өлшеп іздеп тырысқаннан гөрі, ең алдымен лайықты адамды кездестірген жөн, содан кейін онымен өміріңізді байланыстырасыз ба я жоқ па сол жайлы шешімді ойлағаныңыз дұрыс болар. Көзінде тек «үйлену, не болса да тек күйеуге шығу керек» деген мақсат жазылып тұрған қыздардан жігіттердің өздері де өрттен қашқандай құтылуға тырысады. Жігітті сүймей, ол қандай адам екенін біліп алмай, тек бірнеше ай бойы кездесіп,

«уақыт өтіп барады, махаббатты енді қашан кездестіремін, тезірек отбасылы болғым келеді, бастысы жұлдыз жорамал бойынша жарасамыз» деп айтып, күйеуге шығып жатқан қыздарды көру өте өкінішті. Мұндай мотивацияға сүйеніп, некеге тұруға болмайды! Айтпақшы, ақылды жігіт бұндайды көріп, аулақ жүреді. Ал ақылы жоқты қайтесіз?

Тағы бір нәрсе: бір-бірін іздейтін екі жарты туралы ескі аңызға сенбеңіз. Иә, дүниеде дәл сіздің адамыңыз бар, бірақ ол сізді «жарты адам» емес, толық жетілген адам ретінде қажет етеді. Бақытты неке – бұл ақыл тоқтатқан екі үйлесімді тұлға. Сондықтан алдымен өзіңізді тауып алыңыз, содан кейін лайықты адам қасыңызға табылар!


*Бақытты
біз таппаймыз,
оны біз жасаймыз*



ЛАЙЫҚ БОЛЫҢЫЗ

Егер сіз мейірімді, ақылды, әдемі адамға үйленгіңіз келсе, онда лайықты болыңыз. Егер ханшайым болмасаңыз, ханзаданы армандаудың еш мәні жоқ. Сіздің мінсіз жігітке қаншалықты сай келетініңізді ақылмен бағалаңыз? 60% ба? Онда оған не үшін керексіз? 100% лайықты болыңыз! Ол өз өмірін мәңгілікке байланыстырғысы келетін адам болыңыз – ақылды, әдемі, дана, мейірімді, білімді, өзін-өзі қамтамасыз ете алатын әйел болыңыз. Қандай қасиеттер өзіңізге жетіспейтінін анықтаңыз да, сол бағытта жұмыс жасаңыз. Шашыңыздың сән үлгісін өзгертіңіз, қажетті оқудан өтіп, жақсы кітаптарды оқып шығыңыз, сізге оң әсер ететін адамдармен арласыңыз. Жалпы, өзіңіздің ең жақсы нұсқаңыз болыңыз. Өміріңізде жүздеген қыздар армандайтын бойдақ ерлерді кездестіргенде сізді таңғалдырғаны: ол соншалықты керемет, кез келген әйел оның қасында болғысы келеді, бірақ неге ол әлі үйленбеген? деп ойланған шығарсыз... Оның жауабы қарапайым – еркек әйел адамның энергетикасын сезінеді. Ол одақтың толық мүшесі болуға, соңына дейін қасында қалуға, қолдау көрсетіп, өзіне деген сүйіспеншілігін беруге дайындығын немесе тек өзінің қажеттіліктерін: саусағында сақинаның болуын, мәртебесін, қаржылық жағдайын қанағаттандыру үшін ғана іздейтінін сезеді. Әрине, еркек әйеліне осының барлығын беруі керек, бірақ – назар аударыңыз! – ол әйелден тура соны күтеді. Егер ол аңшылық нысанасы ретінде болғанын сезсе немесе оның әділ үмітін түсіне алмайтын жетілмеген адамды көретін болса, онда әрине, мұндай әйелден аулақ жүреді.

Ер адам табиғатынан аңшы және ол әйелді ерте байқайды. Сондықтан бұл қасиеті оған әйелдің өмірде өзін қалай ұстайтынын (келбетін, сөйлегенін, қалай киінетінін және қасында қандай адамдардың жүргенін) тез бағалауға мүмкіндік береді. Егер оған көрген нәрсесі ұнамаса, әйелдің қасында өзін көрсетпестен, қасынан өте шығады. Өйткені сапалы еркек бақытын лайықты адам үшін сақтайды. Осыны назарда ұстаңыз.



ӘЙЕЛГЕ ТӘН ҚАСИЕТ туралы құмытпаңыз

Бір ер азаматтың бір әйелдің қасында өзін нағыз тәрбиелі, тәуелсіз және бекзаттай ұстайтынын, ал екінші әйелдің қасында – мұңайған, әйелі не айтса да оған қарсы болатынын байқаған шығарсыз. Егер осындай жағдай сізбен орын алса, ер адамға сізге есік ашуға мүмкіндік бересіз бе, әлде табиғаттың мейірімін күтпей-ақ, батыл қадам жасап өзіңіз ғана жүресіз бе? Сіз нәзіксіз бе, я батылсыз ба? – осыны ойлаңыз.

Есіңізде болсын, әйел аңшы болмауы керек, өзі бастап құшақтамауы, сүймеуі, үйленуге ұсыныс жасамауы тиіс. Ер адамға сізге өзінің еркектік энергиясын жұмсауына мүмкіндік беріңіз, оны өз ханшайымының жүрегін жаулап алу мүмкіндігінен айырмаңыз. Қолыңызға сауда орталықтарында промоутерлер мазалап тықпалайтын сынамаалар мен кремдердің үлгілері сізге қалай әсер ететінін еске түсіріңізші? Адамдар еңбексіз алған заттарының құндылығын сезінбейді.

СОНЫМЕН, ҚОРЫТЫНДЫЛАЙ КЕЛГЕНДЕ:

Егер сіз әлі тұрмыс құрмаған болсаңыз, ер адамды іздемеңіз, алдымен оның әлпештеп бағалайтын інжу-маржаны болуға тырысыңыз. Әйелге тән қасиеттен айырылмаңыз, мейірімді, ашық және сонымен бірге өзін-өзі қамтамасыз ете алатын, өзін-өзі бағалайтын, қадір-қасиетін сезінетін адам болыңыз. Патша киіммен әрі киімсіз, күндіз де, түнде де, жаяу да, атпен де алдына келуді бұйырған шаруа қызы туралы ертегіні есіңізде сақтаңыз, ол қыз осы талапты орындай алған кезде патша оған үйленген. Егер сіз ішкі жан дүниеңізде тепе-теңдік пен үйлесімділік тапсаңыз, сіз бүкіл өміріңізде үлкен сыйға ие боласыз әрі бақытты өзіңізбен бірге әкелетін бақытты әйелге айналасыз.


ДҰРЫС Таңдаңыз



Ónege

Біздің елде 25 жасқа дейін тұрмысқа шықпасаңыз, сізде бірдеңе дұрыс емес деген стереотип бар.

Көптеген қыздар осы стереотиптің шырмауына түсіп, асығыс некеге тұрып, кейін өздері зардап шегеді және балаларын да зардап шегуге мәжбүр етеді. Әрине, туыстарының немесе достарының тарапынан жасалған қысымдар өте ұнамайды. Бірақ ата-анаңның көңіліне жағу үшін немесе таныстарыңның артыңнан сөз қылмауы үшін ғана тұрмысқа шығу – жаман ой. Сіз өз өміріңізді сүретініңізді естен шығармаңыз. Жаман таңдаудан күн сайын зардап шегетін әріптестеріңіз, жақын туыстарыңыз немесе ата-анаңыз емес, сіз және сіздің балаларыңыз зардап шегетін болады.



САЛЫСТЫРЫҢЫЗ:

Сіз асығыс неке құрдыңыз

Сүймеген адаммен бірге тұрасыз, оған күн сайын ас әзірлеп, киімін жуып, төсек бөлісіп, оның қасында болуына төзесіз

**ТҰРМЫС
ҚҰР-ҒАН**

Сіз некеде болмасаңыз

Ата-ана мен таныстар аптасына екі рет «қажытады», әр бес жыл сайын сіз түлектер кездесуінде өзіңізді ыңғайсыз сезінесіз.

Сіз еркінсіз, өзіңіз қалағандай өмір сүресіз, армандаған адамыңызды кездестіруді күтесіз.

БАСЫ БОС



Неке құрудың жалғыз мақсаты – сіз таңдаған адаммен бақытты болу.

Қалған барлық мақсаттар: мәртебе, қаржылық жағдай, «мүмкіндікті жіберіп алу» қорқынышы және жалғыздықтан қорқу сізді жетістікке жетелемейді. Отбасы не ұзаққа созылмайды, не қуаныш әкелмейді. Өмір әлдеқайда күрделі нәрсе, сәтсіз некеге тұрып өзіңе қосымша қиындықтар туғызудың қажеті не?

Есіңізде болсын, жар таңдау – өмірлік таңдаудың ең маңыздысы. Бұған жауапкершілікпен қараңыз. Некеге риза емес таныс әйелдерді еске түсіріңіз, олар «мен бәрін істеймін, бірақ ол жалқау, сараң, қыдырғыш, езуші және т.с.с» дейді. Себебі сол еркектерді олар өздері таңдады емес пе (бұл жерде өз келісіміңізді күйеуге берілген қыздар айтылып отырған жоқ). Әйелдердің басым көпшілігі өз еріктерімен күйеуге шыққан (немесе жай шығып алған). Біреулер адамның жағдайы бар, жұмысы тұрақты, пәтері, көлігі бар, несиесі жоқ дегенге сүйенген. Тағы біреулер – үйленетін жас келгеніне және басқа мүмкіндіктің болмауына байланысты шыққан. Ал енді біреулер – ғашық болып қалды да, менің қасымдағы қандай адам? – деп мәнісіне бойлап үлгірмеді. Осындай барлық некелердің нәтижелері бірдей қайғылы.

*Махаббатсыз неке –
бұл өмір бойғы азап.*



Ónege

ОСЫ АДАМ СІЗ ІЗДЕГЕНДЕЙ ЕР ЕКЕНІН ТОЛЫҚТАЙ ТҮСІНУ ҮШІН МЫНАЛАР ҚАЖЕТ:

1. Оны жақынырақ біліңіз. Ол не туралы айтады? Компанияда өзін қалай ұстайды? Не жегенді (және қандай ас әзірлеуді үйренуіңіз қажет) және ішкенді ұнатады? Болашаққа қойған мақсаттары мен жоспарлары қандай? Адамдардың қандай қасиеттерін бағалайды? Отбасылық өмірді қалай елестетеді? Осы сұрақтардың бәріне жауап алмайынша, маңызды жоспарлар құруға болмайды. Салмақты шешім қабылдаңыз, бұл асығыстықты қажет ететін мәселе емес.

2. Оның тұлғасын, көзқарастары мен құндылықтарын білу үшін онымен ұзақ уақыт, кем дегенде бір жыл жүріңіз (ортақ құндылықтардың маңыздылығы, айтпақшы, ер адамдар жарын таңдағанда осы құндылықтарды басты артықшылықтардың бірі ретінде көрсетеді).

3. Оның отбасында қандай қарым-қатынас басым екенін, оған «тастай батып, судай сіңе алатыныңызды» және болашақта сіздің қарым-қатынасыңыз қалай өрбитінін бақылап қараңыз.

4. Оған күйеуге шықсам ба не шықпасам ба деген сұрақтарды қоюды тоқтатыңыз. Бұл сұрақ өзінің мәнін жоғалтатын сәт туады, өйткені сіз үшін бұл адаммен болудың басқа амалы жоқ. Себебі бақытты неке махаббатсыз мүмкін емес. Соқыр құмарлықпен емес (бүгінде қандай жолмен болса да бірге, әрі қарай шөп әспесе де мейлі), керісінше бұл ермен кез келген жағдайда да өмірдің соңына дейін бірге болып, оған ұқсайтын балаларды тәрбиелеуге саналы ниет болуы шарт.


ЕКІ МАҢЫЗДЫ НӘРСЕНІ ТҮСІНУ КЕРЕК:

1. Әйел тағдырды сеніп тапсыруға еркектің барлығы бірдей лайықты бола бермейді. Сіз қарым-қатынасқа уақыт бөлуіңіз керек және бұл жақсы адам ба, сіздің мақсаттарыңыз бен құндылықтарыңыз сәйкес келе ме, сіз онымен ұзақ жылдар бойы өмір сүре алатындығыңызды түсінуіңіз керек.

2. Әйел өзінің және балаларының таңдауы үшін жауап береді. Егер ол ақылы дұрыс емес, ақша таппайтын, ішкілікке салынған, қол жұмсайтын адаммен некеге тұрса – оның балалары қандай ортада өсіп жатыр? Қандай үлгі алады? Осыны ескере отырып, сіз көптеген қателіктерден аулақ бола аласыз.

ЛАЙЫҚТЫ АДАМДЫ ІЗДЕҢІЗ

Өміріңізді бақытты отбасын құруға қабілетті адаммен байланыстырыңыз. Жауапты болыңыз, сол кезде ғана сіздің отбасылық өміріңіз сәтті болады. Некедегі ең маңызды нәрсе – бұл саналы түрде қабылданған шешім. Сіз осы адаммен өміріңізді ақыр соңына дейін байланыстырып, өз балаларың өсетін отбасын құратының туралы өзіңе есеп беруің керек. Сіз онымен бірге немере-шөбере көретіндей халге жетуіңіз керек.



ЕР АДАМНЫҢ ЖАҚСЫ КҮЙЕУ БОЛАТЫНЫН ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Сіз үшін жақсы күйеу кім екенін анықтаңыз. Сіз үшін кемінде 5 маңызды қасиетті жазыңыз. Сосын еріңізді бақылаңыз. Сұрақтар қойыңыз. Жағдайдағы оның мінез-құлқына назар аударыңыз. Есіңізде болсын, ер адамдардың әйелдерден айырмашылығы – олар жақсы көрінуге тырыспайды. Ол қазір қандай болса, кейін де солай қала бермек. Сондықтан үйлену тойына дейін екі көзіңізбен қараңыз (және оны таңдап қойған соң бір көзіңізді жауып қойыңыз). Әрбір жақсы адамның да кемшіліктері бар екенін ұмытпаңыз. Оған кемшіліктері үшін төлеуіңіз тиіс баға ретінде емес, сыйлық ретінде қараңыз. Егер баға жеткілікті болса – оны күмәнданбай алыңыз!

Қателіктерге жол бермеңіз:

1. Әйелдің «демо нұсқасын» қоспаңыз, жақсырақ көрінуге тырыспаңыз. Кейін өкінбес үшін ешқандай қосымша уәде бермеңіз. Келесі 40 жыл бойы таңертең бір сағат ерте тұрып, ол оянғанға дейін әдеміленіп және күн сайын үш тағамнан құралған кешкі ас дайындауға дайынсыз ба? Егер дайын болсаңыз – жасаңыз, егер дайын болмасаңыз – жігітті алдамаңыз.

2. Егер сіз кенеттен бұл сіздің ханзадаңыз емес екенін түсінсеңіз – 180 градусқа бұрылып, үйлену тойының қарсаңында кетіп қалудан қымсынбаңыз. Аяққа гір байлап, ақула толы бассейнге лақтырылғаннан гөрі, арқаңа тиген бірнеше шіріген қызанақ жақсы.

ҮЙЛЕНУ АЛДЫНДА БЕС НӘРСЕНІ БІЛУ КЕРЕК:

1. Ол жақсы адам ба? Оның ата-анасына, достарына, әріптестеріне, жұмысшыларына, даяшыларға, такси жүргізушілеріне, жиендеріне және басқаларға қалай қарайтындығын бақылаңыз. Осыдан сіз адамның табиғатын көре аласыз.

2. Ол жауапты ма? Ақшаны қалай ұстайды? Уәдені орындай ма? Проблемалар туындағанда өзгелерді кінәлайды ма, я болмаса өзінен көре ме? Сіздің проблемаңызды шешуге көмектесуге дайын ба?

3. Оның отбасында не болып жатыр? Бұл қандай адамдар? Сіз олармен тіл табыса аласыз ба? Олар сені бірге тұрасың деп күтеді ме? Сіз бұған дайынсыз ба? Ол туыстарымен қарым-қатынасты қалай елестетеді?

4. Оның өміріндегі құндылықтар мен жоспарлар қандай? Нені армандайды? Мүмкін, біржола шетелге кеткісі келе ме? Я болмаса, 45 жасында зейнетке шығып, саяжайда тұрғысы келе ме? Сіз осындай оқиғаларға дайынсыз ба?

5. Ол нені жақсы көреді? Қандай фильмдерді, кітаптарды ұнатады? Бос уақытты қалай өткізеді? Бұл сізді қызықтырады ма? Сіз оны бірге жасай аласыз ба?

ЖҮРЕГІНІҢ патшайымы



Сонымен, мінсіз әйелді суреттеу кезінде ер адамдар не дейді:

- «ол нәзік және сүйкімді»
- «үйге келгенімде қуанышпен күлімсіреп қарсы алады»
- «ол мені әрдайым еркелетіп, дәмді түскі ас әзірлейді»
- «мені жақсы көретін, мені мақтайтын және мені мақтан ететін үйге оралғым келеді»



Onege

Еркекте бәрі тамаша
болуы керек.
Әсіресе – оның әйелі.

Еркектер үшін мінсіз әйел, ең алдымен нәзік әрі сүйкімді болуы керек. Дәл солай. Иә, тұзу аяқтар мен маужыраған көзқарас та маңызды, бірақ бірінші орында емес. Сіз әрине таңдануыңыз, дауласуыңыз және наразы болуыңыз мүмкін, дегенмен, ерлер бағалайтын басты қасиет – бұл әйелдердің жан сұлулығы, рухы. Некедегі күйеуі сұлудың сұлуы, ал әйелі өте қарапайым болатын құбылыстың кілті осында болар. Бұл жерде әйелдің сырт келбеті ғана қарапайым, бірақ оның жан дүниесі – алтын, ері үшін әлдеқайда маңызды. Себебі майдан алаңынан шаршаған және жараланған күйде үйге оралған ер адам күшін қалпына келтіретін, оны қабылдап, жараларын жуатын (жаңа зақым келтірмейтін) және жанды тынықтыратын жерді іздейді. Бұл неке үшін ең бірінші әрі ең басты шарт. Ал егер осының барлығын келбеті сұлу перизат істесе, онда оның басқа арманы болмас. 😊

Егер сіз дәл осы сәтте «күйеуге шығу» тармағын осы жылдың істер тізімінен алып тастасаңыз, біз сізді түсінеміз. 😊 Егер сіз одан әрі қарай жүруге дайын болсаңыз, бір ер адамның әңгімесін оқып шығыңыз:

Еркектердің әңгімелері

Күйеуіңізге ешқашан жалғыз отырғанда немесе жұрттың көзінше ұрсыспаңыз. Оған құрметпен қараңыз. Дауысыңызды көтеруге, дөрекі сөйлеуге, жаман сөздерді айтуға жол бермеңіз. Аузыңыздан шығып кетсе – кешірім сұраңыз. Бұны әдетке айналдырмаңыз, әйтпесе отбасыңызды өз қолыңызбен қирата-сыз.

«Менің Марағат деген досым бар. Қарапайым жігіт. Бірақ мен оларға қонаққа келгенде байқайтыным әйелі оны мақтай жөнеледі: «О, менің Марағатым ананы жасады, менің Марағатым мынаны жасады» дейді. Баламен де айналысады, үй шаруасында да көмектеседі, жұмысты да жақсы істейді. Ол болса жарқыран отырады, ал мен оған қарап «мен сенің қандай екеніңді білемін ғой» деп ойлаймын. Сен де мен сияқтысың. Мен де оғал осылай істеп жатырмын. Нәтижесінде сенің әйелің осы ұсақ-түйектерің үшін мақтайды, ал менікі: әне, Марағаттан үйрен! – дегендей үстелдің астында аяқпен тұрттып отырады. Мені жұрттың алдында бір рет мақтау соншалықты қиын ба?»

«Менің жеке бизнесім бар, мен маркетинг саласындағы кәсіпорындардың иелеріне кеңес беремін. Бірде клиент кездесуді жұмыс күнінен соң белгіледі. Біз ынтымақтастықтың егжей-тегжейін талқылап отырмыз. Бір сәтте, әйелім қоңырау шалып: «Сен қайдасың? Нәтижесің сен әлі үйге бармағаның?» деп айқайлайды. Мен әңгімені үздім, бірақ мен онымен жанжалды ойша жалғастырып отырмын. Клиентке зейін қою енді мүмкін болмады. Нәтижесінде мен тапсырыс ала алмадым, үйге әйеліммен ұрсысып қалдым. Нәтижесінде әйелдер осылай істейді екен?»

Есіңізде болсын, ер адамның жүрегі де мақтауды сүйеді. Ер адамға оның сізге қандай қасиеттері ұнайтынын айтудан қысылмаңыз, оның нәтижелері мен жетістіктерін мадақтаңыз, ол естіп тұрса да, я естімесе де, достары мен анасы алдында ол туралы айтып беріңіз. Оның айналасында абырой, құрмет, күш аурасын жасаңыз. Ақылды әйел ер адамды төрге сүйреп, өзі қарапайым әйелден патшайымға айналады.

Ерлер мінсіз әйелдің портретін жасау кезінде айтатын соңғы тармақ – бұл сыртқы сұлулығы. Осы тұрғыдағы ең жоғары мадақтау: «ол үйде де сұлу болып жүреді».

«Әйелім жұмыстан үйге оралғанда сексуалды болып, бізекшелі аяқкиім, белдемше киіп, қызыл қалап жағып келеді. Мен құшақтап, осындай сұлулықты айналағым келеді. Ол: «Ой, қатты шаршадым, бір минут берші, бізекшелді шешіп тастайын», – деді де, жағын бөлмеге кіріп кетті. Бес минуттан кейін ол сұр спорт киімін киіп, шаштарын түйе салып. «Ал, не керек?» дейді – «Енді ештеңе керек емес ...»

Сондықтан ол үйленген әйелдің кейпін мүмкіндігінше ұзақ сақтауға тырысыңыз. Терезеден қанша жыл өтсе де, әдемі қалпыңызда қалыңыз.



Ónege


Қысқасы, ерлердің қалауларының бірінші орнында нағыз әйел қасиеті – жұмсақтық, махаббат, қамқорлық және өз батырына деген сүйіспеншілік тұрады.

Ерлердің келесі үміті – түсіністік. Бұл емтиханнан әйелдердің көпшілігі құлап жатады. Иә, қиын. Бірақ өте маңызды. Ерлерге әйелдердің қолдауы, сенімді тыл, сенімділік пен қабылдау атмосферасы қажет. Олар әйелдерден мынаны күтеді:

- олар өздерінің идеяларына құлақ асуын, сөздер мен істерге таңырқауын (тіпті бұл жиналған төсек болса да),
- түнгі сағат екіде жетіп келген ата-анасына, жиендеріне, інілері мен достарына есікті шын жүреппен ашуын,
- олар үшін жұмыс романтикаға қарағанда маңызды екенін дұрыс қабылдау,
- егер кенеттен бірдеңе орын алса, қолдау көрсету,
- егер ол үйге емес, бір жерге барса, сенуді.

ӘЙЕЛ

және жұмыс



Бақытты некенің маңызды факторларының бірі – күйеуіңбен күшпен, ақылмен, жұмыста және ақша табу кезінде жұмсаған уақытпен бәсекелесу емес. Ер адамдар үшін үйдің басты табыскері болу маңызды. Үйге ертерек келіп, аз ақша тауып жүргеніңізде ол сіздің жұмысыңызға қарсы болмайды. Мамонтты аулау қажеттілігі әйелдің ер адамға құрметпен қарауына кедергі келтіретіні барлығына мәлім. Әйел заты осы мамонтты отбасылық бюджетке салған кезде, ер адам өзін қабілетсіз сезінеді.

Тұрмыстағы әйел үшін жұмыс істеудің ең жақсы тәсілі – бұл қазіргі уақытта интернеттегі әртүрлі әйгілі фриланс түрі, инстаграмдағы бизнес, кеңес беру, жаттықтырушылық және жұмыс кестесі икемді кез келген басқа жұмыс түрі. Бұл жағдайда ер адам үйге оралғанда ұрыс даласынан келген әріптесіне емес, оны асыға күткен және «нан мен көрініс» дайындаған адамға оралады.

Мұны түсінбейтін әйелдер көбінесе «еркек эгоизміне» бұл қалай? – деп ренжиді. Мен де жұмыстан келдім! Мен де шаршадым! Мен неге тамақ істеп тұрмын, ал сен диванда отырсың? Бірақ өмір бізден әлдеқайда бұрын осылай реттелген болатын. Әйел қанша жұмыс істесе де, «ошақ күзетшісі» болып қала беруі керек. Егер сіз шаршап, ашуланып келіп және үйде ештеңеге үлгермейтін болсаңыз, ер адам сіздің жұмыста қаншалықты табысты екеніңізді бәрібір бағаламайды.

Сіз бұл туралы өмір бойы ренжіп, кез келген еркекті ажырасуға дейін жеткізе аласыз. Сіз мұны факт ретінде қабылдап, қорытынды жасай аласыз: оқып, жұмыс кестесі ыңғайлы басқа жұмыс тауып немесе күйеуіңізге қаржыға тәуелсіз болуға көмектесіп, мүлдем жұмыс істеуді тоқтата аласыз, я болмаса өз ісіңді ашып, сүйікті ісіңмен рақаттана айналысуыңа болады. Таңдау сізде. Ең бастысы, әйелге тән қасиетті таңдауды ұмытпаңыз. 😊

ҮЙДІ БАСҚАРУ



Ónege

Мінсіз әйелі бар ер адамның өмірі қандай?

Жейделер әрдайым үтіктелген, кесте жасалған, сапарлар ұйымдастырылған, үй жылтырап тұр және туыстардың туған күндері ұмытылмаған. Ол соңынан жатып, ерте тұрады, үй әдемі жиһаздалған, ал күйеуі жұмыстан кеш оралғанда, тоңазытқышты қазбалаудың қажеті жоқ, әрдайым кешкі ас дайын тұрады. Ең бастысы ол күйеуінің миын ашытпайды, керісінше оның өмірін жақсартады. Тұрмыс құрмай тұрып, әйел заты қонақта қаншалықты патшайым және төсекте жеңіл мінезді сұлу болса да, тек махаббат пен сұлулықтан тоқ болмайтыңызды түсініп алу маңызды. Не болса да біз бәріміз өмір бойы күніне кемінде үш рет тамақтанамыз, оған қоса денені жабатын киім-кешекті, жұмыс күні аяқталған соң басыңды қойып, демалуға болатын үйді қажет етеміз. Некенің жан мен рухани қажеттіліктерінің барлығы маңызды болғанымен, күнделікті тұрмыс тіршілігінен ешкім бас тартқан жоқ, демек, неке құрғанда үй шаруашылығын жүргізуге дайын болу керек.

Әрине, ең тиімді нұсқасы – үй көмекшілерінің құрамы (аспазшы, тазалаушы, жүргізуші) болғаны және бәрін шебер басқару. Бұл сонымен қатар үйренуіңіз қажет ұйымдастырушылық және тіпті көшбасшылық қабілеттерді қажет ететін міндет. Алайда, егер сіз оған оңай қол жеткізетін деңгейге әлі жетпеген болсаңыз, онда сіздің бірінші міндетіңіз – бәрі сағат сияқты жұмыс істейтіндей етіп ұйымдастыру әрі сіз өз үйіңіздің тұтқынына айналмауыңыз керек.

Ерлердің қалауы шын мәнінде қарама-қайшы – олардың таза жайлы үйі болғанын қалайды, сонымен бірге табалдырықтан күлімсіреп қарсы алатын жігерлі әйелдің болғанын да қажетсінеді. Сондықтан да бақытты неке құратын әйелдер үшін өз уақыттары мен күштерін сақтай отырып, үйдің сұлулығын сақтауды үйрену өте маңызды.

Сіз өз уақытыңыздың бір бөлігін сөзсіз үй тұрмысына жұмсайтын болғандығыңыздан, сізге үй шаруасына аз уақыт жұмсай отырып, бәрін ұйымдастырып, реттеу қажет болады:

1 **Көмекке тартудан ұялмаңыз** – жұбайыңыздан ауыр затты адып беруін, шкафтарды сүртуін, бітелген құбырды тазалап беруді сұраңыз. Балаларды үй шаруашылығына баулуды мүмкіндігінше ертерек міндеттеп қойыңыз. Отбасыңыз гаджеттер ойнап немесе теледидар көріп рақаттанып отырған кезде әйел адам барлық жұмыстың 100% өзі орындауы міндетті емес. Тиімді жұмыс процесін құрып, міндеттерді үйдегілерге бөліп тастаңыз.

2 **Мінсіз тазалық деңгейіне жетуге тырысудан бас тартыңыз.** Өзіңіздің жеке критерийіңізді белгілеңіз – күтпеген қонақтарды қабылдаудан ұялмайтындай тазалық деңгейін орнатыңыз. Мысалы, үйдің ішінде заттар шашылып жатқан жоқ, төсектер жинаулы, ыдыс жуулы, үстелдің астында қиқымдар жоқ, ваннада таза раковина. Болды. Бұл тәртіпті сақтау үшін сізге күн сайын 15 минут қана керек. Бұл тәсіл әсіресе үйден тыс толық күн жұмыс істейтіндерге ыңғайлы.



Ónege

Жақсы әйелдің күйеуі нашар киінбейді.

Өмірдің келесі маңызды сатысы – ердің сыртқы келбеті мен киім-кешегін реттеу. Бұған ерлердің кейбіреуі ғана назар аударады, кейбіреулері ғана стильдің негіздерін зерттеп, оған қандай түстер жарасатынын және осы көйлекпен қандай галстук үйлестінін түсініп, өз бастығы үшін қолайлы жағдайда көрінуге дайын болады. Көбінесе ер адамдар шкафтан таза киімді алып, оның қасында жатқан затпен үйлестіреді және күтім жасалған келбеті жұмыста дұрыс әсер қалдыруға көмектесетінін елемейді. Сондықтан оны жақсы шашта-разға шаш қию үшін жаздырып, ерлерге арналған сәйкес келетін косметика сериясына тапсырыс беріңіз (және оны қолдануды үйретіңіз), оның гардеробын тексеруге және сапалы киімдерді бірге сатып алуға көмектесіңіз (содан кейін жууды, үтіктеуді немесе химиялық тазалауды ұмытпаңыз) – осының барлығы да шаруақорлық санатына кіреді. Әйелдер олардың өмірінің осы бөлігіне қамқорлық жасаған кезде ер адамдарға қатты ұнайды, бірақ олар оны әдетте жасырып қалуға тырысады.

3 **Мари Кондоның жапондық жүйесі** бойынша бір сиқырлы мега тазартуды жүргізіңіз, артық ешнәрсесіз жоқ үйіңіздің мінсіз құрылымын түбегейлі өзгертесіз, бәрі өз орнында жатыр және сізді қуантады.

4 **Тазалықты сақтауды жоспарланған бөліктерге бөліп, үйдің әр бөлігіне күнделікті бір күніңізді бөліңіз.** Аумақты ұйымдастырып, киімдерді аптасына 1 реттен жиі емес жуып, үтіктеңіз, үтіктеу кезінде, тіпті еңбек процесінде де эмоционалды демалу үшін, жақсы фильм көріңіз. Әр минутты ұтымды пайдаланыңыз.



Дегенмен әр еркек әйелінен күтетін ең маңызды нәрсе – тамақ әзірлей білуі.

Қанша бай болса да, экзотикалық мейрамханаларда небір дәмді тағамдарды жеп көрсе де, әйелінің үйде дәмді тағам әзірлеп, оны тамақтандыруы өте маңызды. «Ол тамақ жасамайды» деген шағым әйелдердің «Ол ақша таппайды» дегенімен бірдей. Ас әзірлеу керек, айтылды, болды. Сондықтан сіз асүйде асты шебер дайындауды үйренбеген болсаңыз, бұл бос орынды міндетті түрде толтыру керек. Шабыттану үшін аспаздық телебағдарламаларды қарап, фуд-блогерлердің парақшасына жазылып, әзірленген тағамға жаңа қырынан қарай алатын тағам дайындау курстарына барып үйреніңіз. Бір сөзбен айтқанда, ас әзірлеңіз – сонда бақытты боласыз!

БАҚЫТТЫ НЕКЕНІҢ ҚҰПИЯЛАРЫ

Сонымен қорытындылайық. Бақытты некенің сыры мынада:

- асыл әйел болу
- өзіңіздің жан жарыңызды табу (сізге үйленуге келіскен жай ер адамды емес)
- ұзақ жылдар бойы оның үйінің қожайыны және жүрегінің патшайымы болып қалу



Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі – ақпарат, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, діни қызмет, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қоғамдық сананы жаңғырту, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, конфессияаралық және этносаралық келісім салаларында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салаларлық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.



«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ Қазақстандағы мемлекет пен ҮЕҰ арасындағы өзара әрекеттестік механизмін жетілдіріп, грант беру қызметінің ашықтық деңгейін қамтамасыз ету үшін құрылған. Оның қызметінің негізгі түрі – ҮЕҰ-ға мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттарды ұсыну және олардың жүзеге асуын бақылау.



«Отбасы академиясы» ҚҚ Қазақстанда 10 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келеді. Балалардың құқығын қорғау және Қазақстанда балалық шақ инфрақұрылымын дамытып, отбасына және балаларға бағытталған әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру арқылы отбасы институтына қолдау білдіру оның міндетіне кіреді. Қор 2013 жылдан бері Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік жетімдікті қысқарту міндетін шешу мақсатында «Бала отбасымен бірге өмір сүруі керек» жобасын іске асырумен; 2016 жылдан – жетімдіктің алдын алудың басты механизмі ретінде отбасы мен балаларға көмек көрсетудің тиімді технологияларын дамытумен айналысып келеді.





Ónege

